

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық сынып				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	мамыр айы 1-апта 05.05- .09.05.. 2024ж				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	05.05.25ж	06.05.25ж	07.05.25ж	08.05.25ж	09. 05.25ж
Күн тәртібі	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мамыр «Бірлік пен ынтымақ » айы Апта дәйек сөздері ««Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» »				
Балаларды қабылдау	Салемдесу . Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру	. Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Санамақ Көпшілік қатысады.Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады.Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай,кідірмей аттап жүріп айтуы керек.Тоқтамай қателеспей айтып шықса,жүлде алады.Егер қателессе ойыннан шығады.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Қарамырза Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп жауап беруі керек,егер « уағалейкум», - деп жауап берсе онда сәлем		«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек. Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып	

		алушы ұтылады. Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді		қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.	
	Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Менің Қазақстаным ҚР гимні Психомоторлық жаттығу: Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ақ жаңбыр. (Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды) Астан-кестен жауатын, Өткінші енді біз жаңбыр. (Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред)	Психомоторлық жаттығу: Әппақ болып таң атты, Түтін тіке шығады. Қарлығаштар қанатын Самғап биік ұшады.		Психомоторлық жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.	Математика негіздері Міндеті: Апта күндері. Тәулік бөліктері.Циферблат бойынша уақытты анықтау. -апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке баулу. Қазақ тілі Міндеті Киіз үй -киіз үйі оның	Сауат ашу негіздері Міндеті: Біз нені үйрендік? -сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру; -сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту; -спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. 1 Сурет салу. (Шығармашылық іс-әрекеттер) Міндеті:	Математика негіздері Міндеті: . Сауат ашу негіздері Міндеті: Дене шынықтыру Міндеті: Көркем әдебиет Міндеті:	Математика негіздері Міндеті: Апта күндері. Тәулік бөліктері.Циферблат бойынша уақытты анықтау. -апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке баулу. Сөйлеуді дамыту Міндеті: «Түлкі мен Қоян» ертегісі.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дене шынықтыру Міндеті Көркем әдебиет Міндеті Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті:.

	ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Дене шынықтыру Міндеті Секіртпе – супертренажер. -қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму, сауығуына жағдай жасау, жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс); -50-40-30 см көтеріліп керілген секіртпенің астымен өтуде жақсы нәтижеге жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдай білу. Сөйлеуді дамыту. Міндеті «Түлкі мен Қоян» ертегісі. -ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. -баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. -балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.	Кешкі қала. (Акварель бояу) -ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Жас ұландар. -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Ағаштарды не үшін отырғызады? -балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту; -тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау		-ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. -баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. -балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Жас ұландар. -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Қазақ тілі Міндеті: Әжемнің оюлары -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі	
--	---	---	--	--	--

		нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; -табиғатпен саналы қарым- қатынас жасауға тәрбиелеу. Зерттеушілік белсенділікке баулу.		бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	Желді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгеріс туралы жалпыланған түсінікті бекіту; желдің бағытын анықтау. Еңбек қызметі: жолдарды тазалау Мақсаты: еңбекке деген күштарлығын тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Желден де жылдам», «Кім батыл?» Мақсаты: жүгіру жылдамдығын, өрмелеу дағдыларын дамыту. «Алысқа секір» жеке жұмыс Мақсаты: жүгірумен ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру. Шығарылатын материалмен дербес ойын (құрсау, доп). (Дене тәрбиесі + қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	Көктеген қайың бүршіктерін бақылау Мақсаты: көктем мезгілінде қайыңмен, оның ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Еңбек қызметі: алаңнан қоқыс жинау Мақсаты: әр баланың еңбек әрекетіне қатысуын қамтамасыз ету. Қимылды ойындар: «Үйсіз қоян», «Сазан шортан» Мақсаты: жүгіруде жаттығу, сигнал бойынша әрекет ету. Жеке жұмыс: «Бос кеңістік», «Туды лақтыр» Мақсаты: жылдам жүгіру қабілетін бекіту; көзді дамыту. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (құрсау, доп). (Дене тәрбиесі + қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)		Күнді бақылау Мақсаты: ауа-райының белгілі бір белгісінің, өсімдік пен жануарлар дүниесінің тіршілігіндегі маусымдық өзгерістің, күннің жанды және жансыз табиғатқа әсері арасындағы байланысты ашуға көмектесу. Еңбек қызметі: учаскені бұтақ пен тастан тазарту Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Сазан шортан», «Допты қағып ал» Мақсаты: рөлдерді бөлу туралы келісімге өз бетінше үйретуді жалғастыру; допты қағып алу және беру қабілетіне жаттықтыру. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (құрсау, доп). (Дене тәрбиесі + қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	

Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жендерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әлеуметтік эмоционалдық дағдылар «Біздің ел» дидактикалық ойыны Мақсаты: туған ел туралы білімдерін тиянақтау	Қарым-қатынас дағдылары «Дыбысқа еліктеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту		Қарым-қатынас дағдылары «Әңгіме құрастыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: оқиғаларды ретімен қойып, әңгіме құрастыруға үйрету	
Балалармен жеке жұмыс	«Отбасы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: сюжетті дамыту; отбасы мүшелерінің міндетін орындау. Отбасы туралы мақал-мәтелдерді үйрету. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + көркем әдебиет)	«Достық біздің тірегіміз» ойыны. Мақсаты: дене белсенділігін дамыту. (Дене тәрбиесі) Үстел-үсті ойындары: «Пазлы», «Мозаика». (Математика)		«Менің көршілерім» қарым-қатынас ойыны Мақсаты: зейінін, логикалық ойлауын, өзіне қатысты оң және сол жақтарын дұрыс атай білу дағдыларын дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	
Серуенге дайындық	. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Атбақыл Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын (сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады.	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Көтермек Мақсаты: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады.		«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса	

	Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады			немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала кезінен патриоттық тәрбие беру» ата-аналарға арналған кеңес.	Жеке кеңес беру. Үйде спорт бұрышын ұйымдастыру.	Жеке әңгімелер (режим және оны сақтау).	Жеке әңгімелер (режим және оны сақтау).	